**Бағалы металдар мен бағалы тастардан жасалған бұйымдарды қабылдау, сақтау, сату және есепке алу Ережесіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

Бұйрық Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және Сауда министрлігі 1995 жылғы 9 қазандағы N 200-п Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 30 қарашада тіркелді. Тіркеу N 6

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20-шілдедегі "Бағалы металдар мен бағалы тастарға байланысты қатынастарды мемлекеттік реттеу туралы" Заң күші бар Жарлығына U952372_ нормативтік актілерді сәйкес келтіру мақсатында б ұ й ы р а м ы н :

1. Бағалы металдар мен бағалы тастардан жасалған бұйымдарды қабылдау, сақтау және есепке алудың Ережесіне мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

I-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағалы металдар мен бағалы тастардан жасалған зергерлік бұйымдар, корпусы бағалы металдан жасалған сағаттар меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан осы көрсетілген құндылықтардың сақталуына барлық қажетті жағдайды қамтамасыз етуші сауда кәсіпорындары (базарлар, қоймалар, дүкендер мен дүкендердің бөлімдері) арқылы сатылады.

Сауда кәсіпорындарында осы объектіде құндылықтардың сақталуы қамтамасыз етілетіндігін растайтын ішкі істер органдарының қорытындысы болуға тиіс.

II-тармақтағы оларды сатуға мемлекеттік сынама бақылау инспекциясының лицензиясы бар" деген сөздер алынып тасталсын.

2. "Қазақзергер" республикалық бөлшек сауда кәсіпорны мен жергілікті жерлердегі сауданы басқару органдары осы бұйрықты тиісті кәсіпорындар мен ұйымдарға жеткізетін болсын.

М и н и с т р

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК